

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

Тәрбие сағаты

Тақырыбы:

Тәуелсіздік - тұғырым

Дайындаған: Акимова Ж

2019 жыл

Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру. Оқушыларды елді, Отанын сүйуге және егемен елімізді сақтауға және оны гүлдендіруге құштар патриоттық күш - қуаты мол жастарды тәрбиелеу. Желтоқсанда мерт болған қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым.

Сабақтың барысы:

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және осы кештің қонақтары!

2-жүргізуші: Дүниені дүр сілкіндірген 1986 ж. желтоқсан оқиғасына арналған «Тәуелсіздік-тұғырым» атты тәріе сабағымызға қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: 1986ж 16 желтоқсанында қазақ елінің солақай саясатқа қарсы алғаш рет бас көтерген ұл-қыздарымыз туралы сыр шертеміз. Бұл қасіретті күнді, оқиғаны ешбір қазақ азаматы ұмытуы мүмкін емес! Қайрат Рыскұлбеков, Л.Асанова, С.Мұхамеджанқызы, Е.Сыпатаев сынды жүздеген, мыңдаған жастардың қанатын қиып түскен озбырлық күні, өктемдік күресі еді.

2-жүргізуші: Ендеше, тәрбие сағатымызды Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранымен бастаймыз.

1- жүргізуші: 16-желтоқсан- тәуелсіздік алған күн

Ерекше боп мәңгілік ел жадында қалған күн.

Үміті боп елімнің жасай берсін ұлы күн

Ақ күні боп баланың, шаттығы боп үлкеннің.

2-жүргізуші: Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам күллі әлемге танылды анық.
Шырқадым әнұранды бар дауыспен,
Арманым - Ата заңым қабылданып.

Бізге тәуелсіздік туын, қазақтың көк байрағын биік көтеріп, ел екенімізді дәлелдеп, дүние жүзіне танылуымызға себеп болған және дүниені дүр сілкіндерген Желтоқсан оқиғасына 33 жыл толып отыр.

1-жүргізуші: "Мен - қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға алаш деген атты аламын" - деп азаттықты аңсаған, сол жолда аянбай қызмет еткен алаш арыстарының барлығы да қуғын-сүргінге ұшырады, Сталиндік қызыл террордың құрбандары болды. Сол алаш қайраткерлерінің азаттық идеясын жалғастырған, қыршын кеткен арыстардың аманатын арқалаған кейінгі толқын іні-қарындастарының 1986 жылдың желтоқсанында тәуелсіздік үшін күресе білді.

2-жүргізуші: Жағасына жауының жетіп қолы,

Тартып алған тәуелсіз күшпен өткен.

Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы,

Олжа емес салбырап түскен көктен.

Қуаныш аралас қасіретпен,
Ерлік жолда қаншама ғасыр өткен.
Еркіндік, ерлігін сақтау үшін,
Талай ердің бұл жолда басы кеткен.

Еркебұлан: Тәуелсіздік түскен жок қой аспаннан,
Тарихы оның тым әріден басталған.
Бодандықтан құтқарам деп елімді,
Талай боздақ кара жерді жастанған.

Жазалаушы кара құрттай қаптады,
Қазағымды қырып - жойып таптады.
Сонда елімнің ұл - қыздары ардақты,
Қарсы шығып ел сенімін ақтады.

Қуаныш: Желтоқсан - тарихымда әйгілі күн,
Ерттеп мініп ар-ождан сәйгүлігін.
Ерлерім елдік үшін атой салып,
Еншілер қайтарған бәйгелі күн.

Желтоқсан тағдырларға азалы күн,
Қайраған намыстарын мазалы мұн.
Қыршыннан қиылған боздақтары
Қалар мәңгі есінде Қазағымның.

1-жүргізуші. Сәбира Мұхамеджанова 1985 жылы 8 жылдық мектепті үздік бітірген. Ол Алматыдағы Желтоқсан оқиғасының шындығын білуге барған. 26 желтоқсанда өткен жиналысқа анасымен барған Сәбираны айыптайды. Содан соң албырт жас өзі тұратын жатаханасының бөлмесінен секіреді.

Ерасыл. Нашақор деп, ұлтшыл деп,
Қазаққа күйе жаққан күн
Базары кетіп бір күнде
Қайғыға халық батқан күн.
Әділдік пен шындықты
Өтірік жала жапқан күн
Надан жасаған сұмдықтан
Адамдар азап шеккен күн,
Қасқалдақ ұшып көлінен
Шүрегей келіп қоған күн.
Қырандар қуып көгінен
Қарғалар билік алған күн.

Акжүніс. Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарк ұрдын,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.

Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның
Айналайын жас қайратты, жас өркені халқымның.
Темір қолдар қуатты еді алқымның қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жалғыз қалған шақтарымда жігер алдым бойыма,
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.
Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей ар намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

Ж.Аружан. Желтоқсан - заман толғағы байтақ даланың,
Шарпыған сәтті үміт пен күдік қаланың.
Желтоқсан - Қайрат, Ләззат, Сәбира
Құрбаны болған жаланың.

Тәуелсіздік! Бабалардың ұраны
Бейуақытта бойға таққан тұмары
Тәуелсіздік! Түнектерде тұншығып
Ызғар ұрып жанбай қалған шығары.

2-жүргізуші. Сол бір оқиғаларды еске түсіру үшін оқушыларымыздың дайындаған көрінісіне кезек берейік. **"Желтоқсан оқиғасы"**

1-жүргізуші. 1991 жылы 12 желтоқсандағы "Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-дегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы" жарлығына байланысты Қазақ КСР-н 65 бабымен Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сабира Мұхамеджанова, Түгелбай Тәшенұлы, Қайыргелді Күзембайұлы, Жамбыл Тайжанұлы ақталды.

2-жүргізуші. Дәл осынау тәуелсіздіктің таңын атқызуға арқау болған желтоқсан оқиғасынан кейін 5 жыл өткенде 1991 жылдың 16 желтоқсан күні қазақ елі шынайы тәуелсіздік алды. Тәуелсіздік біздің басымызға қонған бақыт. Ендеше Тәуелсіздік - қасиетті ұғым тізгіні берік қолда. Олай болса, сыныбымыздың дарынды күйшісі Халбай Ерасылдың орындауында Құрманғазының күйі **"Адай"**

Гүлзира. Қазақстанның жаңа ел ордасы Астана туралы.

Биіктігі 91 метр Қазақ елі монументі, Президент резиденциясы, Ақорда
Министрлер үйі, биіктігі 97 метрлік Бәйтерек, Пирамида, 2 мың орындық
Думан ойын-сауық орталығы, 30 мың кісілік Астана жабық стадионы -
осының бәрі Тәуелсіз мемлекет Елорданың ажарын ашып, айбыны
асқақтады.

1-жүргізуші: Әмір Ұлжалғастың орындауында ән **"Байтақ елім"**

Бекнұр. 1992 жылдың соңы - тәуелсіз республиканы дүниежүзінің 150 мемлекеті танып, 106 елмен дипломатиялық қатынас орнатылды. Қазіргі Қазақстан шет елдерде 30-дан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Алматы мен Астанада 50-ден астам шетелдік елшілік және халықаралық, ұлтаралық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді.

2-жүргізуші. Тәуелсіздігімізді алғаннан бері Елбасымыз Қазақстан Республикасының Мәңгілік ел болып қалыптасуы үшін аянбай еңбек етуде. Келесі кезекті Әмір Ұлжалғас, Халбай Әділхан, Полат Нұрайым, Сапарбек Ғалымның орындауында **"Мәңгілік ел"** әні. Қошеметтеп отырыңыздар.

1-жүргізуші. Иә, ежелден аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің биыл 28 жылдығы.

Тәуелсіздік! Қасиетті де, құдіретті осы бір ұғымының тереңіне зер салып, ой жіберейік. Тәуелсіздік атты бұл тәтті сөздің тұңғышында ата-бабамыздың ғасырлар бойғы талай-талай боздақтардың ұрпаққа қалдырған аманаты жатыр.

2-жүргізуші. Иә, көк туымыз асқақ желбіреп, тәуелсіздігіміз салтанат құрғанына 28 жыл. Тарих үшін қас-қағым сәт, азаттық аңсаған Алаш баласы үшін ғасырдан да қымбат мың жылға айырбастамыс жыл. Тәуелсіздік алып келген жетістік те оң өзгерістер де мол. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі - еркіндік! Еліміздің еркін өміріндегі бүгінгі табыстарың бәрі де тәуелсіздік нәтижесі.

Келесі кезекте хор **"Көк тудың желбірегені"**

1-жүргізуші. Өзіндікі елің де,
Өзіндікі жерің де.
Өзінді өзің еткен бақ
Тәуелсіздік төрінде.

2-жүргізуші. Асқар тау да сенікі
Бақша - бауда сенікі
Қалтықсыз доспенен
Қатал жауда сенікі.

1-жүргізуші. Елімізде тыныштық, әлемде бейбітшілік болып, егеменді елдігіміз ұзағынан болсын дей отырып бүгінгі "Тәуелсіздік-тұғырым" атты ашық тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

2-жүргізуші Тәуелсіздігіміздің 28 жылдығы құтты болсын!
Ендігі сөз кезегін мектебіміздің тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Әділхан Муса ағайға береміз.

Астана қаласының білім басқармасы

